

Түркістан облысы
Сарыағаш қаласы
«Оқу орны ЕР-АЙ-БИ»

Әдеби кеш
Мағжан Жұмабаевтың
туғанына 130 жыл

Кешті ұйымдастырушылар:

П.Мусакулова

Д.Нурханова

2023-2024 оқу жылы

Мағжан Жұмабаевтың туғанына 130 жыл

Сабақтың тақырыбы: Мағжан Жұмабаевтың туғанына 130 жыл

Мақсаты : Оқушыларды Қазақ елінің мақтанышына айналған Алаш қозғалысының қайраткері, ақын жазушы Мағжанды құрметтеуге, шығармаларын үлгі ете отырып, отансүйгіштікке, сұлулыққа тәрбиелеу.

«Алаш» қозғалысының танымал қайраткері, аса көрнекті ақын, педагог, психолог, журналист, қоғам қайраткері Мағжан (Әбілмағжан) Бекенұлы Жұмабаев 1893 жылы Ресей империясы құрамындағы бұрынғы Ақмола губерниясының Ақмола уезіндегі Полуден болысы (қазіргі Солтүстік Қазақстан облысының Мағжан Жұмабаев ауданы) жеріндегі Сасықкөл көлінің жағасында ауқатты отбасында дүниеге келеді.

Арғын тайпасының жеті момын бірлестігінен тарайтын он екі атығайдың құдайберді атасынан тарайтын Жұмабай – ауқатты, Мекке-Мединеге қажылық сапарын өтеген, елге беделді адам болыпты. Жұмабай балаларының ішінде Бекен (Бекмағамбет) алғырлығымен ерекшеленіп, сауда-саттықпен айналысады, ел басқару ісіне араласып, болыс болады. Бекеннің отбасында Мүслім, Қаһарман, Мағжан, Мұхаметжан, Сәлімжан, Қалижан, Сабыржан, Күләндам, Гүлбарам тоғыз бала болған екен.

Мағжан – атасы Жұмабайдың кішкентайынан болашағынан үлкен үміт күткен немересі екен. Әкесі Бекен Жұмабайұлы ауылда мектеп салып, оған жас мұғалім Яхия (Ахиетден) Ахановты жалдап әкеліп балаларды оқытады. Ағаларына ере барып, төрт жасынан-ақ хат тани бастаған бала Мағжанның зерделілігіне риза болған атасы Жұмабай қажы немересінің ер-

тең белгілі адам болатындығын айтады. Яхия мұғалім ана тілі татаршадан өзге шығыс тілдерін, орыс тілін жақсы білетін білімді ұстаз болумен қатар, ол балаларды жаңаша оқытып, әсіресе поэзияға көбірек көңіл бөледі. Жас Мағжанның ерекше талантын алғаш аңдап, болашағына бағыт сілтеген Яхия ұстаздың көмегімен ол алғашқы өлеңдерін жаза бастайды.

1905 жылы күзде Мағжанды әкесі Қызылжардағы №1 мешіттің жанындағы көрнекті татар зиялысы Мұхаметжан Бегишев ашқан медресеге түсіреді. Стамбул университетінің шығыс тілдері факультетін бітірген Мұхаметжан Бегишев татар, қазақ, өзбек, араб, парсы тілдерін жетік меңгерген, тарих пен әдебиетті терең білетін, оқымысты адам екен. Сондықтан да бұл медреседе дәстүрлі діни оқумен қатар, шығыс халықтарының тарихы, әдебиеті оқытылатын еді. Медресенің бай кітапханасында, сонымен қатар имамның жеке кітапханасында жинақталған шығыстың әйгілі ақындары Физули, Низами, Науаи, Сағди, Қожа Хафиз, Жәми, Омар Хайям жырларымен танысады. Қазақ классигі Абай мен татардың бас ақыны Ғабдолла Тоқайдың өлеңдерімен де осы кезеңде сусындайды.

Жүрген жанның артында ізі қалар,

Етікші өлсе, балға мен бізі қалар.

Бір бай өлсе, төрт түлік малы қалар,

Жүйрік елсе, артында сөзі қалар! —

деп Абай өлеңінің мәңгілік тынысын аңдаған Мағжанның өзі де қазақ поэзиясының заңғар шындарының біріне айналды.

Медресе басшысы Мұхаметжан Бегишевтің патша шенеуніктері мен діни миссонерлерінің жергілікті халыққа жасап отырған озбырлығы мен қиянатына қарсы адам болуы да шәкірт Мағжанның санасында болашақ халықшылдықтың берік орнығуына септігін тигізгені анық.

Бұдан кейін оқуын жалғастыру үшін досы Бекмұхамбет Серкебаевпен (КСРО Халық артисі Ермек Серкебаевтың әкесі) бірге Уфа қаласына жол тартады. Уфадағы «Ғалия» медресесіне түсіп оқиды. «Ғалия» медресесі – өз дәуірінің ең алдыңғы қатарлы жаңашыл оқу орындарының бірі еді. Онда діни сабақтармен қатар, араб, парсы, түрік, орыс тілдері, арифметика, география, математика т.б. пәндер оқытылатын болған. Бұл медреседе татарлар мен башқұрттардан өзге, Еділ бойынан, Орта Азиядан, Кавказдан, Түркиядан, Қырымнан, Ауғанстаннан келген шәкірттер білім алатын болған. Мұнда әр кезеңде қазақ әдебиетінің болашақ көптеген көрнекті өкілдері білім алды. Олардың арасында Бейімбет Майлин, Жиенғали Тілепбергенов, Тайыр Жомартбаев, Зейнелғабиден Әміреұлы т.б. болатын. 1910-1913 жылдар арасында медресе қабырғасында оқып жүргенде Мағжан татар әдебиетінің классигі, «Қазақ қызы» романының авторы, осы кезде аталған оқу орнында ұстаздық қызмет атқаратын Ғалымжан Ибрагимовпен танысып, үлгі-өнеге алады. Шығыс халықтары әдебиеті бойынша дәріс оқыған Ғалымжан Ибрагимов жас талап Мағжанға бағыт-бағдар сілтеп, талантын шыңдауға көп жәрдемдеседі. Ғалымжан Ибрагимовтің көмегімен ол 1912 жылы Қазан қаласындағы «Ағайынды Кәрімовтер» баспасынан «Шолпан» атты тұңғыш өлеңдер жинағын бастырып шығарады.

Таланты шыңдалып, ой-санасы биіктеген Мағжан Жұмабаев 1913-жылдан ұлтқа қызмет жолына шындап кіріседі. Осы жылы ол «Садақ» журналын шығаруға белсене атсалысады. Осы журналда өлеңдері жарияланып тұрады.

Орыс тілін оқып үйрену – алдағы өмірде үлкен мүмкіндіктер туындайтынын, осы арқылы ұлт жоғын жоқтауға болатынын қазақ қауымы түсініп үлгерген заман болатын. Сондықтан Мағжан өзінің ақылшы ұстаздары Ахмет Байтұрсынұлы мен Міржақып Дулатовтардың ақылымен 1913 жылы Омбыдағы мұғалімдер семинариясына оқуға түседі. Омбыдағы кезінде Шоқан Уәлиханов оқыған Кадет корпусынан кейінгі ашылған бұл іргелі оқу орнында білімді оқытушылар сабақ беретін еді. Мағжан оқуға қабылданған тұста қазақ шәкірттерінің үлкен шоғыры білім алған болатын. Осында оқып жүргенде Мағжан Шоқан Уәлихановтың досы, әйгілі ғалым Г.Н.Потанинмен жолығады. Таланты мен біліміне таңғалған ғалым Мағжанды «болашақ Шоқан» деп бағалайды. Мағжанның Омбыдағы қазақ зиялыларымен танысып, етене араласқан адамдарының бірі – Алаш көсемі Әлихан Бөкейханов бо-

латын. Әлихан Бөкейханов Мағжанның талантына бас иіп, ақынның қазақ көгіндегі биік жұлдыз боларына сенгендігін оның: «Мағжандай ақыны бар, бір жерде тізе қосып отырған 5 миллион қазақтың тілі қалай жоқ болады?!» - деген сөзінен аңғарамыз. Өсіп-жетілу, қалыптасу кезеңі болған Омбыдағы кезең де Мағжан өмірінде терең із қалдырады. 1916-жылы Омбы мұғалімдер семинариясын алтын медальмен аяқтайды.

Оқуын аяқтаған Мағжан туған өлкесіне оралып, ұстаздық, шығармашылық, журналистік жолда қатар қызмет етеді. Елдегі саяси өмірге де белсене атсалысады. 1917-жылы Ресей империясы аумағында үлкен өзгерістер болады. Мағжан «Бірлік» ұйымының жұмысына белсене қатысып, «Балапан» атты қолжазба журнал шығаруға қатысады. «Алаш» партиясының белсенді мүшесі болып, оның платформасын («Табалдырық» аталған) жасауға қатысады, Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатов қатарлы «Алаш» партиясы жетекшілеріне қолдау білдіріп, өзі де аталған саяси құрылымның беделді мүшелерінің біріне айналады. «Алаш» зиялылары шығарып тұрған «Қазақ» газетіне белсенді автор болып, бірнеше рет өлеңдерін шығартады.

1917 жылы Ресей империясында зор өзгерістер жүріледі. Осы жылы ақпанда төңкеріс болып, II Николай патша тағынан тайдырылғанда, Мағжан елдегі қоғамдық өзгерістерге белсене араласып, Ақмола облыстық қазақ съезін өткізуге белсене атсалысады.

1917 жылы сәуірдің 25-інен мамырдың 7-сі аралығында Ақмола облысы қазақ комитетінің ұйымдастыруымен Омбы қаласында өткен съезге Ақмола, Атбасар, Көкшетау, Омбы, Петропавл уездерінен 250 өкіл қатысады. Орынбордан Міржақып Дулатов арнайы келіп қатысқан бұл съезде Ақпан төңкерісінен кейінгі қазақ халқының әрі қарайғы жай-күйі талқыланады. Мұнда мемлекеттік құрылыс, қазақ комитеттерін құру, земство, дін, жер, оқу, сот ісі, құрылтай жиналысы, соғыс және әйел жайы секілді он жеті мәселе қаралып, тиісті шешімдер қабылданған. Бұл – қазақ жері бір орталықсыз демократиялық Ресейдің құрамында болсын, бүкілресейлік жиналысқа әр халықтың санына сәйкес депутаттар сайлансын, әйелдер сайлауға қатыссын, бұрынғы басып алған жерлер халыққа қайтарылсын, облысқа земстволық басқару енгізілсін, мектептерде оқу қазақ тілінде жүргізілсін деген мазмұндағы өзекті шешімдер болатын. Ақмола облыстық қазақ комитеті сайланып, құрамындағы он адамның бірі Мағжан Жұмабаев болады. Сондай-ақ осы жылы мамыр айында Мәскеуде өтетін жалпыре-

сейлік мұсылман съезіне делегат ретінде Мағжан Жұмабаев сайланды.

1917 жылы 21-28 шілдеде Бірінші Жалпықазақ съезінде «Алаш» атты партия құрылды. Бұл қазақ халқының саяси өміріндегі үлкен белес болды. Осы жылы 5-13 желтоқсанда Орынбор қаласында Екінші жалпықазақ съезі шақырылып, осы жиында Алашорда үкіметі жарияланды.

Съезде он түрлі мәселе қарастырылып, шешім қабылданады. Оқу комиссиясы құрылып, оның құрамына Ахмет Байтұрсынұлы, Мағжан Жұмабаев, Елдес Омаров, Биахмет Сәрсенов, Телжан Шонановтар енеді. Мағжан осы комиссияға төраға болады. Мағжан «Алаш» партиясын, Алашорда үкіметін барынша қолдаушылардың бірі болды. Ол өзінің Алаш жастарына арнауында: «Жастар! Алда жүрген, Алаш жолына аянбай қызмет қылған адал жүрек ағалардан үлгі, өнеге алындар. Елдіктен, ерліктен айырылып, екі жүз жылдай еңсесі түскен елді ойлаңдар. Күнді - түн, жақынды - жат, пайданы - зиян деп жүрген, толық саяси құқықтарын іздеп алуға ер жетіп, есі кірген елді ойлаңдар!» - деп жазды

1. АЛАТАУ

Иір-иір Алатау
Бұйра-бұйра жал ма екен?
Қарасам көзім талады-ау
Қияңа, асқар Алатау.
Бөлек-бөлек бала тау
Етекте шөккен нар ма екен?
Желкендегі, ару Алатау,
Жауһардан тізген жал ма екен?

2. ҚҰЗДАР МЕН ҚЫЗДАР

Алатаудың құздары
Аспанның сырын ұрлайды.
Жылытып жырмен мұздарын,
Күңірентіп таудың құздарын,
Қырғыздың ару қыздары
«Зекенбайды» ырлайды.
Алатаудың құздары
Қырғыздың сырын ұрлайды.

3. ҚОҚИ МЕН ҚАРТОЗ

Тұлымдары сүліктей
Селкілері бар болсын!..
Едірейіп еліктей,
Селкілері сүліктей.
Қоя-ақ қойды елікпей,
Көрініп қоқи қартозын.
Сымбаттары сүліктей,
Селкілері бар болсын!

4. ТАУДЫҢ ТОЛҒАУЫ

Ай шырайлы аяшың
Күл болып күйіп, солмасын.
Бозаға толып шанашың,
Күл болып күйіп аяшың,
Семетей менен Манасың
Қысыр бір қисса болмасын.
Айшөректтей аяшың
Күл болып күйіп, солмасын.

5. ҮЙДІҢ ЕРІ

Тырнала, қырғыз, танабың,
Ел болмайсың оқымай.
Мола жұтсын манабың,
Тастапсың адыра танабың,

Боза бопты шалабың.
Атаң көрі, қоқи-ай...
Тырнала, қырғыз, танабың,
Ел болмайсың оқымай.

4- сынып оқушыларының орындауында «Ұстазым» әні

- Мағжан аудармашылықпен де шұғылданып, орыс ақын-жазушылары М.Лермонтов, А.Блок, М.Горькийдің шығармаларын, неміс әдебиетінің классиктері И.Гете мен Г.Гейнелің поэмаларын қазақ тіліне тәржімалайды. Сталиндік зұлматтың әбден күшіне еніп, ұлттың сорпа бетіне шығарларын жаппай жалындай жалмай бастаған шағында бұл қанды қасаптан Мағжанның құтылуы тіпті мүмкін емес болатын. 1938 жылдың басында қайтадан қамауға алынып, 19 наурыз күні ату жазасына кесіледі. Мағжанның бұдан кейін де біраз жылдар өмір сүргені, Бауыржан Момышұлының 1948-жылы Сібірде көргенін, Абдулла Әбдірахманов деген ақсақал 1951 жылы Магаданда бірге болғанын айтып кеткенін есептесек, бұл – халқымыздың жақсысын өлімге қимастық көңілінен шығарған аңызы ма, әлде Мағжан аттас немесе Мағжан атын жамылған өзге адам ба деген ойлардың туындауы сөзсіз.

Күншығыстан таң келеді – мен келем,

Көк күңіренед: мен де көктей күңіренем.


Жердің жүзін қараңғылық қаптаған,

Жер жүзіне нұр беремін, Күн берем! –

Ақынның өзі жырлағанындай, түнек артынан күн туып, егемендік таңы атар алдында есімі халқымен қайта қауышқан ақының отты жырлары тәуелсіз елінің жанын жылытып, өзі сенім білдірген жас өркен Мағжан есімін әрқашан азаттық ұранындай жаттап, ұрпақтан ұрпаққа жаңғырта бермек!

Хормен «Устаз» әні

Назарларыңызға рахмет!!!

Тексерілді: 
13.10.23ж



**«Қазақ жазушысы
Спандияр Көбеевтің
туғанына—145 жыл»**

/Сынып сағаты/

2023-2024 оқу жылы

Сабақтың тақырыбы: Спандияр Көбеев

Сабақтың мақсаты: **Білімділігі:** автордың өмірі мен шығармашылығын меңгерту. Қазақ поэзиясына мағыналы әңгімелер мен мысалдарды жазуды мақсат еткен туындыларының идеялық мазмұнын ұғындыру;

Дамытушылығы: әр оқушы осы автор арқылы шығармалар негізінде өзіндік ой-қиялына ерік бере отырып өзінше ой түюге баулу, шығармашылық жұмысқа жұмылдыру арқылы таным-түсініктерін дамыту, шеберліктерін арттыру.

Тәрбиелілігі: ақын-жазушының қаламынан туған мысал, әңгімелер арқылы оқушыларды адами қасиеттерге баулу, автор көтерген тағылымдар арқылы жазушының азаматтық бейнесін аша отырып, оқушылардың адамгершілік қасиеттерін арттыру, үлгі-өнеге алуға шақыру.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру бөлімі

Оқушыларды сабақтың белсенді өтуіне ынталандыру.

II. Жаңа сабақ


1) Сабақ тақырыбын, мақсатын хабарлау.

2) Оқушыларды топқа бөлу.

III. Қызығушылықты ояту

Спандияр Көбеевтің өмірі туралы не айта аласыздар?

Оқушыларға «Топтастыру» стратегиясы арқылы С.Көбеев кім деген сұраққа жауап аламын.



1.

Мұғалім сөзі: Тақтадан С.Көбеевке қатысты жылдар мен болған оқиғалар туралы мәлімет беріледі.

Жылдар сөйлейді

Жылдар	Болған оқиға
1878 жыл қазанның 1-і	Спандияр Көбеев Қостанай облысы, Боровский ауданының Ақсуат ауылында кедей шаруа семьясында дүниеге келген.
1887 ж. желтоқсан айында	Алтынсариннің тікелей көмегімен ашылған мектепке барады.
1892-1897 ж.ж.	Болыстық мектепте оқиды.
1899 жылы	Қостанай қаласында ашылған орыс-қазақ екі кластық курсқа түседі.
1901 жылы	Бастауыш мектеп мұғалімі деген мамандық бойынша бітіріп шығады.
1910 жылы	Алғашқы кітабы «Үлгілі тәржімә» Қазан қаласында жарық көреді.
1912 жылы	«Үлгілі бала» оқулық-хрестоматиясы жарық көреді.
1913 жылы	«Қалың мал» романы басылып шығады.
1951 жылы	«Орындалған арман» атты өмірбаяндық шығармасы жарық көреді.
1956 жылы	Өмірден өтеді.

Спандияр Көбеевтің өмірі және шығармашылығымен таныстыру.

Спандияр Көбеев (1878 – 1956)

XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ мәдениеті мен әдебиетінің тарихында Спандияр Көбеевтің көрнекті орны бар. Қазақ жерінде ашылған алғашқы орыс мектептерінен тәрбие алған ол өзінің барлық саналы өмірін туған халқының мәдениет пен білім жолында ілгері ұмтылуына жәрдемдесуге арнады. Жаңа үлгідегі қазақ мектептерінде сабақ беріп жас ұрпақты орыстың тілі мен әдебиетін, мәдениетін үйренуге баулыды. Бұл саладағы қызметін Спандияр ұлы ағартушы Ыбырай Алтынсариннің педагогтік үлгісімен жүргізді. Би-болыстардың қырына ілінген қыңыр әкенің кесірінен мектепке іліге алмай қалған кедей баласын алғаш орналастырған да Торғайдың оқу инспекторы еді. Ұлы ұстазы алдында жаутандап, оның мейірімділігі мен кең пейіліне риза болған Спандияр ішінен соған ұқсауды армандағанды. Ыбырай секілді халыққа пайдалы азамат болу, өз білімін елін ағартуға жұмсау Спандиярдың өмір бойғы арман-тілегі еді.

Спандияр Көбеев 1878 жылғы қазан айының 1 күні Қостанай облысы, Боровский ауданының Ақсуат ауылында кедей шаруа семьясында дүниеге келген.

Ыбырай Алтынсарин ұйымдастырған ауылдық мектепте сауат ашып, Қостанай қаласында мұғалімдер даярлайтын курсты 1901 жылы бітірген. Осы жылдан бастап өмірінің соңына дейінгі 55 жылын ұстаздық қызметке жұмсады. Ол өзінің ұзақ та жемісті ұстаздық еңбек жолын «Орындалған арман» (1951) атты мемуарлық кітабында баяндады. Жазушы шығармасында бастан кешкен дәуірдің нақты тарихи деректерін негізге ала отырып, әлеуметтік-қоғамдық құбылыстарды шынайы суреттеді, көптеген адам образдарын бейнеледі.

Көбеев ұстаздық жұмысы мен жазушылық қызметін тығыз байланыстыра жүргізді. Өзі оқытқан шәкірттерінің кластан тыс оқуына арнап орыс жазушылары мен ағартушыларының бірқатар шығармаларын қазақ тіліне аударып, «Үлгілі тәржіме» деген атпен жеке кітап етіп бастырды.

1912 жылы Спандиярдың «Үлгілі бала» атты кітабы шықты. Бұл – бастауыш мектептегі қазақ балаларына арналған оқу кітабы еді. Ұлы ұстазы Ыбырай үлгісін пайдалана отырып ол бұл кітапқа өзі аударған Крылов мысалдарын, орыс классиктерінің балаларға арналған шығармаларын, қазақтың ауыз әдебиеті үлгілерін, табиғаттың түрлі құбылыстарымен таныстыратын, өсімдік, жануарлар әлемі туралы білім беретін әр алуан қызықты қысқа әңгімелер кіргізді.

Спандияр Көбеевтің қазақ әдебиеті тарихындағы үлкен орны – оның революциядан бұрынғы әдебиетте прозаның тууына, ондағы роман жанрының қалыптасуына сіңірген еңбегімен байланысты. 1913 жылы Қазанда басылған жазушының «Қалың мал» романы қазақ әдебиеті тарихында тұңғыш көлемді прозалық туынды болып саналады. Романда Революция алдындағы қазақ ауылында болған қат-қабат әлеуметтік өзгерістер шынайы суреттелген, дәуір шындығы боямасыз көрсетілген. Романда қалың мал әлегі, қазақ қызының аянышты да арманды тағдыры нанымды бейнеленумен қатар дала тіршілігіндегі әлеуметтік теңсіздіктің, жолсыздықтың сан алуан көрінісі батыл әшкереленген. Ел билеуші әкімдер мен үстем тап өкілдеріне қарсылық білдірген кедей бұқарасының әрекеті шыншылдықпен суреттелген. «Қалың мал» романы – тілінің тазалығы, көркемдігі жағынан да өзімен тұстас прозалық туындылардан өзгеше шығарма. Жазушы романында халықтың сөз байлығын, мақал-мәтелдерді орынды пайдаланған, кейіпкерлер мінезін даралап көрсеткен. Спандияр Көбеев екі рет Ленин орденімен марапатталған.

Жылдар сөйлейді.

Тақтадан жылдар көрсетіліп, оқушылардан жауап алынады.

1887, 1899, 1901, 1951.

Шығармашылық жұмыс

Әр топқа Спандияр Көбеевтің мысалдарын және әңгімелерін кеспеге жазылған түрінде таратылып беріледі. Мысал бойынша сурет салып көрсету арқылы қорғайды. Әңгіменің мағынасын ашып, көрініс дайындалады.

I топ: «Аю және бөрене»

II топ: «Аққу, шортан һәм шаян»,

I топ.

Аю және бөрене (әңгіме)

Қалың орманды аралап келе жатқан бір аю бал арасына кез болады. Ағаш басындағы бал арасына тамсанып, аузынан сілекейі шұбырып, оны жегісі келеді. Аю ағаш басына өрмелеп, ұяға жақындағанда, ілініп тұрған ауыр бөрене оған кедергі жасапты. Балға ұмтылған аю бөренені итеріп жібереді. Ары серпілген ауыр бөрене өз салмағымен қайта оралғанда аюдың басына сарт ете қалады. Күшіне сенген о жар аю ашуланып, бөренені одан бетер қатты итереді. Өз салмағымен қайта оралған бөрене аюдың басына тағы да сарт етеді. Аюдың құлағы шыңылдап басы айналады. Бұған ызаланған аю бар күшімен үшінші рет итеріп жібергенде, қайта оралған бөрене аюдың басын қақ айырып, ағаштан ұшырып түсіріпті.

• II топ. Акку, шортан һәм шаян (мысал)

Көп кіріскен іс оңбас ынтымақсыз,
Көп малдыңкерегі не болса бақсыз
Таудайын талаптан да бақыт артық
Болса да қара жаяу жалғыз атсыз.
Ынтымақ жоқтығынан біздің қазақ,
Кем жұртқа әрбір түрлі болды мазак
Зияны толып жатқан бастан артық,
Кемітіп ғазиз басын көріп ғазап.
Мысалы, бірліксіздің ғиыраты,
Пайдалы салыстырсаң бар лұғаты.
Кеңесінен акку, шортан, шаянменен,
Тыңдаңыз тәржіме етіп жазған хатты:
Бір акку, шортан, шаян бұрынырақ
Кеңесін еттім бәйіт, салсаң құлақ,
Тартуға жүкті арбаны міндеттенген,
Оңаша көл басында тұрған жырақ.
Үшеуі кәдімгідей жегілісіп,

Ой толғаныс: Оқыған әңгімелері бойынша шағын эссе жазу.

Қорытындылау: Рефлексия

Қайтсе де тартамыз деп ерегісіп,
Тырмысып бейшаралар азаптанды,
Пайдасыз михнаттанып терге түсіп.
Жөнелді акку көкке таман,
Сұңқылдап үсті-үстіне достан жаман,
Жайда да кесел шіркін жөнге жүрмес,
Тырмысып кейін қарай жатыр шаян.
Тартады демалысып кезек-кезек,
Арбаны қозғалта алмай күдер үзіп,
Тыпырлап суға қарай бетіменен
Шамасы келмей жатыр шортан кезіп.
Кіріскен ынтымақсыз ол басында
Ерлердің болмай бірлік жолдасында.
Бетімен әр тарапқа тартқаннан соң,
Қозғалмай арба қалды көл басында.

Сұрақ: Акку, шортан һәм шаян
мысалы тағы қай ақында кездеседі?
(А.Байтұрсынов)

Түркістан облысы
Сарыағаш қаласы
«Оқу орны ЕР-АЙ-БИ»

2023-2024 оқу жылы

«Үздік оқырман»

Өткізген: кітапханашы Д.Нурханова

Тақырыбы: «Әлемнің жарығын сыйладың сен маған»

Мақсаты: Оқырмандарды кітап оқу өнеріне, дүниетанымын кеңейтуге, білімдерді сарқып білуге, көркем шығармалардың тамашалығын сезінуге, оқығандарын дұрыс бағалай алуға, өмірде, еңбекте, оқуда, кітапты пайдалануға баулу.

Кітапханашы: Армысыздар, құрметті ұстаздар, оқушылар! Егемен елімізді әлемге таныту, болашақта еркін өмір сүріп, ойлаған армандарымыздың орындалуы тек ерінбей терең білім алғанда ғана орындалары сөзсіз. Ал білім алудың басты құралы- кітап екенін бәріміз жақсы білеміз.

Еліміздің азаматтары қазіргі заманға сай білімді, мәдениетті, өнерлі болуы қажет. Ол үшін терең білім, ғылым жаңалықтарын, өткен тарихымызды өнерімізді білу үшін кітапты көп оқуымыз керек.

Жүргізуші: Армысыздар қадірменді қонақтар, дарынды балалар, оқырмандыр!

« Кітапхананың үздік оқырман» атты сайысымызға қош келдіңіздер!

XXI ғасыр- білім, ғылымның ғасыры. Еліміздің Еуразия жүрегіндегі Жаңа Қазақстанды өрнектеудің 2030 жылға дейінгі бағдарламасында талабы таудай, қабілетті, ізденімпаз жастар ұлтымыз үшін мақтаныш, еліміз үшін абырой екені, ондай жастардың әлемдік бәсекелестікке төтеп беретіні, ұлт ақыл-ойының болатыны көрсетілген. Өркениеттің көшінен қалмау үшін біз білім сапанын арттырып, адам ресурсын байытуымыз қажет. Болашақ білімді жастарымыздың қолында. «Оқитын Қазақстан» бағдарламасын басшылыққа ала отырып, бүгінде кітапханалар- еліміздің болашағы, жастардың ғылым, білім жолындағы өмірлік құлшынысына айналып отыр. Осыған орай, біз кітапхананың білімді де таланты оқырманын анықтау үшін «Үздік оқырман» сайысын өткізгелі отырмыз.

Сайысымыз 4-кезеңнен тұрады.

1.таныстыру

2.сұрақтарға жауап беру

3.өнер сайысы(мәнерлеп оқу)

4.үй тапсырмасы «**Менің анам**» атты шығарма жазу.

Жүргізуші:

Биіктетер білімнің ақ ордасын,

Мерекең құтты болсын, оқырманым!

Қол соғып, қошеметпен қарсы алайық,

Келешек ғалымдар мен даналарды!

Қарсы алайық жаңа ғасыр перзенттерін,

Кошбасшысын, керемет кемеңгерін,

Болашақ елбасы мен, министрлер,

Ерен ер қазағымның төрелерін.

Ішінде әнші де бар, ақын да бар,

Хас талант, қасиетті дарын да бар,-дей келе, сайысқа қатысқалы тұрған оқырмандарды ортаға шақырайық:

4 «а» сынып оқушылары: Махмут Рауан.Ернияз Көркемай.Ақбарова Шұғыла.

4 «ә» сынып оқушылары: Байтерек Адмас.Оразбай Нұрғиса.Нұржанұлы Дініслам.

3 «а» сынып оқушылары: Жұмабек Айсезім.Абдуғаппар Нұрбақыт.Әуезхан Нұрайлым.

3 «ә» сынып оқушылары: Айтбаева Аяулым.Мырзабаева Әмина.Ернияз Еркенұр.

3 «б» сынып оқушылары: Мұратбек Айасыл.Зулхарнай Дана.Ильяс Жамбыл.

Жүргізуші: Ендігі кезекте әділқазылар алқасымен таныстырайық

1.ДОІЖО - Аймагова Баян

2.Бастауыш сынып мұғалімі - Мусакулова Перизат

3.Бастауыш сынып мұғалімі - Азимова Рабиға

Жүргізуші: I-бөлім- «Таныстыру».

Ақыл-көрік бойларында жетеді,

Әлі талай сынақтардан өтеді,

Мына отырған баршаңызды өзімен

Тез арада таныстырып өтеді, оқырмандар өздерін таныстырады.

Жүргізуші: II-бөлім- «Сұрақтарға жауап беру».

Ал, біздің үздіктер қалайсындар,

Сіздерге әлі алда талай сын бар.

Келесі сайыстың жоспарында,

Түседі бәсекеге білімділік.

Әр оқырман сұрақтарға тез, әрі нақты жауап беруі керек.

Жүргізуші: Жарайды, біз берген сұрақтарға жауаптар алдық. Ендігі кезекті өнер сайысына берелік.

III-бөлім —«Өнер»

Өнерпаз оқыrmандарымыз өз өнерлерін көрсетеді.

Жүргізуші: Үй тапсырмасы: «Менің анам» атты тақырыпта шығарма жазу.

Ән:

Жүргізуші: Ендігі сөз кезегін әділқазылар алқасына береміз.

1. Бас жүлде «Үздік оқырман»
2. «Білімді оқырман»
3. «Өнерлі оқырман»
4. «Белсенді оқырман»

11 оқушы : алғыс хат

Жүргізуші: Қымбатты оқыrmандар, кітап бәрінің де мәңгі сенімді достарың, серіктерің болсын. Кітап қадірін білетін жақсы балалар көбейе берсін. Еліміздің болашағы, ертеңі үшін барлық қуат-қайраттарыңды оқуға, заман талабына сай терең білім алуға жұмсаңдар. Өмірде бар нәрсе өзгереді, тек кітапхана халық қажетіне жарап, ғасырлар бойы жасамақ. Осы құндалағымыз ешқашан жоғалмай келешек ұрпақ асыл қазынамыздан нәр алып, сусындай берсін. Келесі кездескенше аман сау болайық.



Түркістан облысы
Сарыағаш қаласы
Оқу орны «ЕР-АЙ-БИ»

14 – ақпан Халықаралық кітап сыйлау күні.

Орындаған: Д.Нурханова

2023-2024 оқу жылы

14 ақпан – Халықаралық кітап сыйлау күні.

14 ақпан – Халықаралық кітап сыйлау күні. Яғни адамдар бір-біріне құрмет пен сыйластықтың белгісі ретінде сыйлыққа кітап ұсынатын күн. Кітап – адамзат қоғамының ұлы жетістігі, ұлы ұстазы. Кітап сыйлау дәстүрі туралы айтқан кезде мына жағдайды ескеруіміз керек: кітап басып шығару өндірісі жолға қойылу тарихы сегіз ғасырға, ал кітапты қол еңбегімен беттеп-қаттап құрастырып, оны көбейтіп көшіріп оқудың тарихы ондаған ғасырға кетеді дегенімізбен, кітап сыйлау күні – салыстырмалы түрде өте жас. Яғни 2012 жылдың 14 ақпанынан бастау алады. Бұл күнді белгілеп өткізудің мән-мағынасы – адамдар бір-біріне, әсіресе ересектердің балаларға кітап сыйлау арқылы оларды кітап оқу дағдысына баулу және өзара мәдени сипаттағы жылы қарым-қатынасты дамыту болып саналады.

Бұл мерекенің басты мақсаты : қарапайым және мейірімге толы барлық адамзатты кітап оқуға шақырады. Мерекенің қағидасы бойынша дәл осы күні досыңызға немесе жақын туысыңызға қызығып жүрген оқулығын сыйлай аласыз.

Бұл күннің шығу тарихы да ерекше.

Кітап сыйлау мерекесі 2012 жылдан бері Эмми Бродмурдың бастамасымен халықаралық деңгейде тойланып келеді. Эмми Бродмур - әлеуметтік желіні белсенді қолданушы. Бір күні ұлы анасына дәл осы күні "Неге адамдар бір-біріне ешқандай себепсіз кітап сыйлайтын күн жоқ?" деген сауал қояды. Ешқандай жауап таба алмаған Эмми осы күнді кітап сыйлау күні деп белгілеп, әлеуметтік желі арқылы мерекенің танымалдылығын арттыра бастайды. Нәтижесінде әлемнің түпкір-түпкірінен бір-біріне кітап сыйлайтын жандардың қатары көбейген. Қазіргі таңда мереке халықаралық деңгейге дейін жетіп Шымкенттік оқырмандарда қалыс қалмай бір-біріне кітап сыйға тартуда.

Атаулы күнге орай Пушкин атындағы әмбебап кітапханасының мамандары да «Шын жүректен кітап сыйла» акциясын жариялаған. Бүгінде белсенді оқырмандар кітапхана қорына 300-ге тарта кітап сыйға берген. Оның ішінде жастар да тіпті орта жастағы азаматтар да бар.

Айта кетейік бұл мереке кітапсүйер қауым үшін ерекше күн болып саналады. Сол себепті сізде атаулы күн қарсаңында құрбыңызға тіпті жақыныңызға кез-келген жанрдағы қызықты кітапты сыйлай аласыз.

Мектебімізде «14 ақпан – Халықаралық кітап сыйлау күні» атты тақырыбымызға сай 1 апта кітап сыйлау күні өтті. Төмендегі аты аталған оқушылар кітап сыйлады.

4 «а» сынып оқушылары:

Маратқызы Раяна, Жүніс Ахмад, Тастемір Кәусар, Абдуғапбар Нұрбакыт

2 «в» сынып оқушылары:

Адықадыр Гүлсезім

2 «а» сынып оқушылары:

Нурмаханбет Нұрбол, Жолдас Аңсаған

3 «ә» сынып оқушылары:

Нәртажі Алинур, Бозжан Айша, Абдунасырова Алтынай.







Түркістан облысы
Сарыағаш қаласы
«Оқу орны ЕР-АЙ-БИ»

Тақырыбы: Ертегілер еліне саяхат

Орындаған: Д.Нурханова
А.Теміргай

2023-24-оқу жылы

Тақырыбы: Ертегілер еліне саяхат

Мақсаты:

1. Қазақ халқының шығармасы, халық мұрасы ертегі, оның шығу тарихы туралы түсінік беру.
2. Оқушылардың қиялдауға, шешен сөйлеуге, өз ойын еркін жеткізуге және қайратты істер жасауға жұмылдыру.
3. Төзімділікке, адамгершілікке, бірлесе жұмыс істеуге, жақсы қасиеттерді бойына сіңіруге тәрбиелеу. Ертегілерді оқуға деген қызығушылығын ояту.

Сабақтың көрнекілігі: Нақыл сөздер, суреттер, үлестірме карточкалар.


Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі:

Сынып оқушыларын түгендеу, көңілдерін сабаққа аудару. Сабақтың мақсатын түсіндіру.

II. Кіріспе бөлімі:

Қазақ ауыз әдебиетінің көне түрлерінің бірі - ертегілер болып табылады. Онда қазақ халқының ғасырлар бойы бастап кешкендері суреттеледі. Ертегіден халқымыздың тұрмыс-салтын, әдет-ғұрпын білеміз. Онда шындық оқиға мен қиял-ғажайып оқиға аралас келіп отырады. Ертегіден халықтың ертеңге деген сенімі мен үміт-арманы, бақыты туралы ойларын көруге болады.



Ертегі ғасырлар бойы сақталып, жалғасып біздің дәуірімізге жеткен.

Әдетте ертегілер «ерте, ерте, ертеде» немесе «баяғы заманда» деп басталып, соңы жақсылықпен аяқталады.

Бар екен де жоқ екен,
Ертек- ертек, ерте екен.
Ешкілері бөртеекен,
Қырғауылы қызыл екен.
Құйрық жүні ұзын екен,
Ертегіден қызық екен.

Міне балалар бүгінгі «**Ертегілер әлеміне саяхат**» атты тақырыбымыз сайыс түрінде өтеді. Сайысымыз бірнеше бөлімнен тұрады.

I-бөлім. Таныстыру.

I-топ. Бауырсақ.

II-топ. Шалқан.

II-бөлім. Кім білгір?

Қай топ ертегілерді көп біледі?

III-бөлім. Кім тапқыр?

Суреттің қай ертегіден алынғанын табу, кейіпкерлерін атау.

IV. Кім жылдам?

Пазл құрастыру

Ертегі көрінісінің қиындыларын құрастыру.

Қауындықта ақ кораз,

Дайындады қақ біраз.

Ұйқы көрмей ұзақ таң,

Бақ күзетті бұзауқан.

Бау-бақшаны аралап,

Жеміс терді кара лак.

V. Кім дарынды?

Сурет бойынша ертегі құрастыру.

VI. Жұмбақ

1. Екі басы жұдырықтай,

Ортасы қылдырықтай. (құмырысқа)

2. Асты тас,

Үсті тас,

Ортасында жанды бас. (Тасбақа)

3. Сылдырдан қорқады,

Шошынып жортады. (Қоян)

4. Қаймықпайды күшті аңнан,

Қорқады тек тышқаннан. (Піл)

5. Тастан-тасқа секіреді,

Қалқиып қос құлағы,

Ойын болып көкірегі,

Аула оның тұрағы. (Лак)

6. Адамға серік,

Күзетке берік. (Ит)

7. Мұрты бар, сақалы жоқ,

Тоны бар, шапаны жоқ. (Мысық)

8. Ешбір бұйым тікпеген,

Үсті толған көк тебен. (Кірпі)

9. Тоғайда айғыр кісінейді,
Ауылға сірә келмейді. (Қасқыр)

10. Жақпар тастың астында

Қызыл тонды қыз жатыр. /Түлкі/.

11. Ат та емес, ит те емес,
Тістейтінін қайтерсің. /Тышқан/

12. Түрі - жылқы бейнесі,

Жолақ-жолақ жейдесі. (Зебра)

13. Басында мүйізі бар,

Үстінде киізі бар. (Сиыр)

14. Мұрыны насос, кран да,

Кім таң қалмас бұл аңға. (Піл)

15. Ат басты, арқа мүйізді,

Бөрі кеуделі, бөкен санды. (Шегіртке)

VII. Қорытынды.

Жеңімпазды анықтау.

Міне, балалар бізге ата-бабадан мұра болып қалған құнды шығарманың бірі ертегі екен. Оның қай-қайсысын алсақта тәрбиелік мәні өте көп екен.

Мысалы, тұрмыс-салт ертегілерін естігенде өмірдің неше түрлі қырлары мен сырларын түсінуге, әр дүниені танып білуге көмектессе, қиял-ғажайып ертегілерін оқығанда елді қорғаған қаһармандардың іс-әрекетіне қызығып, олардың жақсы істерін үйреніп, жаман істерінен жиренуге көмектеседі. Ал хайуанаттар туралы ертегілерден табиғат пен жан-жануарлар дүниесін тереңірек тануға, олардың іс-әрекеттерін мәнін түсінуге көмектеседі.

Сондықтан көбірек оқып, атадан қалған мұраны яғни халық шығармасын келесі ұрпаққа жеткізуге біз міндетті екенімізді ұмытпайық.

Ата-мұра бізге өнеге деп бүгінгі сабағымызды аяқтаймыз.



